

**"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1328 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 759 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.11.2017 № 759 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) қабылдау және жұмыс комиссияларының өкілеттіктері, міндеттері, міндетті құрамы;

2) Қабылдау және жұмыс комиссияларының объектілерді қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

3) жұмыс комиссиясы қорытындысының және қабылдау комиссиясы актісінің нысандары;

4) мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісінің бірыңғай нысаны бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.00.02 № 1277 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 15 қазандағы  
N 1328 қаулысымен  
бекітілген

**Қабылдау және жұмыс комиссиясының өкілеттіктері, міндеттері және міндетті құрамы**

**Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.02 № 1277 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен; жаңа**

редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.29 № 880 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## **1. Қабылдау комиссиясының өкілеттіктері, міндеттері және міндетті құрамы**

1. Қабылдау комиссиясының өкілеттігіне мыналар кіреді:

1) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 76-бабында көзделген объектілерді олар бекітілген жобаға сәйкес және пайдалануға қабылдау туралы актіні ресімдей отырып, пайдалануға толық дайын болған кезде қабылдау;

2) жобалау, іздестіру және (немесе) құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалмауына немесе сапасыз орындалуына жол берген адамдарды заңнамада белгіленген тәртіппен жауапқа тарту жөніндегі ұсыныстарымен, анықталған бұзушылықтарды жою үшін тапсырыс берушіге (инвесторға, құрылыс салушыға) және бас мердігерге пайдалануға берілетін объектінің жарамсыздығы туралы қорытынды беру.

2. Қабылдау комиссиясының өкілеттіктері қабылдау үшін комиссия тағайындалған объектіге ғана қолданылады.

Қабылдау комиссиясының нақты объект бойынша өкілеттіктері тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) оны тағайындаған күнінен басталады және объектіні қабылдау туралы актіге қол қойған күнінен бастап тоқтайды.

3. Қабылдау комиссиясының міндетіне мыналар кіреді:

1) құрылысы аяқталған объектінің пайдалануға беруге дайындығын белгілеу және құжаттамалық түрде растау;

2) жұмыстарды орындаушының нормативтік талаптарды, бекітілген жобаны сақтауы жөніндегі болған ауытқушылықтар бойынша әрекеттерін белгілеу және оларды мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен келісу;

3) іске қосылатын объекті қуатының (сыйымдылығының, өткізу қабілетінің) бекітілген жобадағы көрсеткіштерімен сәйкестігін белгілеу;

4) тапсырыс берушіден (инвестордан, құрылыс салушыдан) немесе бас мердігерден алынған құжаттамаларды өкілеттіктері аяқталғаннан кейін қайтарып беру.

4. Қабылдау комиссиясының міндетті құрамына мыналар кіреді:

1) қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылатын тапсырысшы (инвестор, құрылыс салушы) не тапсырыс берушінің (инвестордың, құрылыс салушының) жауапты өкілі;

2) комиссия төрағасының орынбасары болып табылатын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының өкілі;

3) бас мердігердің, қосалқы мердігерлік ұйымның не бас жобалаушының не жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеушінің, қосалқы жобалаушылардың (жобаның бөлімдерін әзірлеушілердің), жергілікті атқарушы сәулет және қала құрылысы органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының, пайдаланушы ұйымдардың (кәсіпорындардың, мекемелердің), пайдалануға берілетін объектінің бейініне (мақсатына) қарай басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері.

## **2. Жұмыс комиссиясының өкілеттіктері, міндеттері мен міндетті құрамы**

5. Жұмыс комиссиясының өкілеттігіне мыналар кіреді:

1) Заңның 75-бабында көзделген мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектілердің оларды қабылдауға толық дайындығына кешенді бағалау жүргізуі;

2) технологиялық жабдық пен инженерлік жүйелерге бақылау сынақтарын жүргізу;

3) жобалау, іздестіру және (немесе) құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалмауына немесе сапасыз орындалуына жол берген адамдарды заңнамада белгіленген тәртіппен жауапқа тарту жөнінде ұсыныстарымен анықталған бұзушылықтарды жою үшін тапсырыс берушіге объектінің пайдалануға беруге толық дайын еместігі туралы ескертулер беру;

4) кешенді бағалау нәтижелері бойынша оның нәтижелерін мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін объектінің дайын екендігі туралы қорытындыны ресімдеу.

6. Жұмыс комиссиясының өкілеттіктері дайындыққа кешенді бағалау жүргізу үшін жұмыс комиссиясы тағайындалған объектіге ғана қолданылады.

Жұмыс комиссиясының нақты объект бойынша өкілеттіктері оны тағайындаған сәттен басталады және тапсырыс берушіге пайдалануға берілетін объектіні кешенді бағалау бойынша объектінің пайдалануға беру дайындығы туралы көрсете отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген қорытындыны бергеннен кейін тоқтайды.

7. Жұмыс комиссиясының міндетіне мыналар кіреді:

1) орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының және құрастырылған технологиялық, инженерлік немесе өзге де жабдықтың белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына, нормативтік талаптарға (шарттарға, шектеулерге) сәйкестігін бағалау;

- 2) пайдалана бастауға объектінің дайындығын не дайын еместігін белгілеу;
- 3) бас мердігерден алынған құжаттамаларды өкілеттіктері аяқталғаннан кейін қайтарып беру.

8. Жұмыс комиссиясының міндетті құрамына мыналар:

1) қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылатын тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) не тапсырыс беруші (инвестордың, құрылыс салушының) жауапты өкілі;

2) бас жобалаушының не жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеушінің, қосалқы жобалаушылардың (жобаның бөлімдерін әзірлеушілердің), бас мердігердің, қосалқы мердігерлік ұйымдардың, жергілікті атқарушы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының, мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау органының, пайдаланушы ұйымдардың (кәсіпорындардың, мекемелердің), объектінің бейініне (мақсатына) қарай басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 15 қазандағы  
N 1328 қаулысымен  
бекітілген

## **Қабылдау және жұмыс комиссияларының объектілерді қабылдау қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.29 № 880 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қабылдау және жұмыс комиссияларының объектілерді қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 77-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және салынған объектілерді пайдалануға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қабылдау комиссиясы – құрылысы аяқталған объектінің дайындығын белгілейтін және құжаттамалық растайтын және салынған объектіні пайдалануға қабылдайтын уақытша алқалы орган;

2) жұмыс комиссиясы – нәтижелерін мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін объектінің дайындығына кешенді бағалау жүргізетін уақытша алқалы орган;

3) толық дайындық – ішкі әрлеу (қаптау, сылау, тұсқағаз жапсыру) жұмыстары аяқталып, таза едендер төселген, санитарлық-техникалық жабдықтар мен аспаптар, тұрмыстық мақсаттағы электрлік техникалық аспаптар, ас үйдің газ немесе электр плиталары және пәтерішілік есік блоктары орнатылып салынған объектілер.

Егер бекітілген жобада бұл көзделген жағдайда, онда толық дайындыққа кейіннен сатып алушылардың мүмкіндіктері мен қалауы ескеріле отырып, орындалатын ішкі қаптау, сылау, тұсқағаз жапсыру жұмыстары орындалмаған, таза едендер, санитарлық-техникалық жабдықтар мен аспаптар, тұрмыстық мақсаттағы электр техникалық аспаптар, ас үйдің газ және электр плиталары, пәтерішілік есік блоктары орнатылмаған қоғамдық ғимараттар жатқызылуы мүмкін.

Бұл ретте объект бойынша сыртқы әрлеу жұмыстары, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы үй-жайларда (ғимараттың бөліктерінде) ішкі әрлеу мен монтаждау жұмыстары толық көлемде орындалуға тиіс.

## **2. Қабылдау комиссиясының объектіні қабылдау тәртібі**

3. Объектіде барлық құрылыс-монтаж жұмыстары, аумақты абаттандыру, бекітілген жобаға сәйкес толық жабдықпен және құрал-сайманмен қамтамасыз ету орындалғаннан кейін бас мердігер объектінің тапсыруға дайын екендігі туралы тапсырыс берушіге (инвесторға, құрылыс салушыға) хабарлайды.

Тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) объектінің пайдалануға қабылдау рәсіміне дайын екендігі туралы бас мердігерден жазбаша хабарлама алғаннан кейін бес күн мерзімнен кешіктірмей қабылдау комиссиясын құрады.

4. Тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) қабылдау комиссиясының жұмысты бастау күнін тағайындайды және қабылдау рәсімдері басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей, осы хабарламаны комиссия мүшелерінің алғаны туралы жазбаша растап, комиссияның барлық мүшелеріне жұмыстың басталатын күні туралы жазбаша хабарлайды.

5. Қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау рәсімінің ұзақтығын (қабылдау мерзімдерін) салынған объектінің күрделілігіне және функционалдық арналуына, оның технологиялық және пайдалану сипаты мен параметрлеріне қарай тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) белгілейді.

6. Бас мердігер салынған объектілерді пайдалануға қабылдауды жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қабылдау комиссиясына ұсынады.

7. Тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) объектінің пайдалануға жарамсыздығы немесе құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасыз орындалғаны туралы қабылдау комиссиясынан қорытынды алған кезде тиісті мемлекеттік органдарға бұзұшылықтарға жол берген құрылысқа қатысушыларды жауапқа тарту жөнінде өтініш жасайды, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шаралар қабылдайды.

8. Қабылдау комиссиясы құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға қабылдауды белгіленген нысандағы акті бойынша ресімдейді.

9. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының актісіне комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды.

Ескертулер мен айрықша пікірлер бар қабылдау комиссиясының актісіне комиссия төрағасы мен мүшелерінің қол қоюына жол берілмейді.

10. Объектінің пайдалануға берілгені туралы актіге қол қойылған күн қабылдау комиссиясы объектіні пайдалануға қабылдаған күн болып есептеледі.

Барлық қабылдау комиссиясының мүшелері қол қойған қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі дайын құрылыс өніміне мүліктік құқықты тіркеу кезінде объектінің пайдалануға қабылданғанын растайтын бастапқы ерекше құжат болып табылады.

### **3. Жұмыс комиссиясының объектіні қабылдау тәртібі**

11. Объектінің пайдалануға қабылдау рәсіміне дайын екендігі туралы бас мердігерден жазбаша хабарлама алғаннан кейін бес күн мерзімнен кешіктірілмей жұмыс комиссиясы құрылады.

Жұмыс комиссиясы тапсырыс берушінің (инвестордың, құрылыс салушының) шешімімен (бұйрығымен) тағайындалады.

12. Бас мердігер объектілердің толық дайындығына кешенді бағалауды жүзеге асыруға қажетті құжаттарды жұмыс комиссиясына ұсынады.

13. Жұмыс комиссиясы жұмысының басталу және аяқталу күнін тапсырыс беруші белгілейді.

Тапсырыс беруші осы хабарламаны жұмыс комиссиясы мүшелерінің алғаны туралы жазбаша растай отырып, қабылдау рәсімі басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей барлық жұмыс комиссиясының мүшелеріне жұмыс комиссиясы жұмысының басталатын күні туралы жазбаша хабарлайды.

14. Жұмыс комиссиясы жұмысының нәтижелері қорытындының белгіленген нысаны бойынша ресімделеді.

Барлық кемшіліктер жойылғаннан кейін комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері жұмыс комиссиясының қорытындысына қол қояды.

Ескертулермен айрықша пікірлері бар жұмыс комиссиясының қорытындысына комиссия төрағасы мен мүшелерінің қол қоюына жол берілмейді.

15. Объектіні пайдалана бастауға дайын еместігі туралы ескерту алған кезде тапсырыс беруші (инвестор, құрылыс салушы) бас мердігердің атына ескерту жібереді.

Бас мердігер ескертуді жою бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды.

Ескертулер жойылған кезде бас мердігер тапсырыс берушіге (инвесторға, құрылыс салушыға) олардың жойылғаны туралы нәтижелерді ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 15 қазандағы  
№ 1328 қаулысымен  
бекітілген

Нысан

### **Жұмыс комиссиясының қорытындысы**

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.02 № 1277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.06.29 № 880 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

\_\_\_\_\_ қ. 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіммен тағайындалған  
жұмыс комиссиясы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жұмыс комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымның атауы, тапсырыс берушінің, аты, әкесінің аты)

құрамында:

төраға-тапсырыс берушінің өкілі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

комиссия мүшелері - өкілдер:

бас жобалаушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы жобалаушылар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас мердігер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

жергілікті атқарушы мемлекеттік сәулет және қала құрылысы органдары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік санитарлық-эпидемиялогиялық қадағалау органдары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау органдары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

пайдаланушы ұйымдар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

объектінің бейініне (мақсатына) қарай басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)



(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер \_\_\_\_\_

---

(ұйымның атауы және оның ведомстволық бағыныстылығы)

салынған объектіні \_\_\_\_\_

---

(объектінің атауы, оның орналасқан жері немесе мекенжайы)

пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Құрылысты \_\_\_\_\_

---

(жұмыстар түрлерін)

орындаған бас мердігер және \_\_\_\_\_

(жұмыстар түрлерін)

орындаған қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

---

(ұйымдардың атауы, олардың ведомстволық бағыныстылығы)

жүзеге асырды.

3. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын \_\_\_\_\_

---

(ұйымдардың атаулары және олардың ведомстволық бағыныстылығы)

жобалау ұйымдары әзірлеген.

4. Құрылыс \_\_\_\_\_

---

(жобаның нөмірі, үлгілік жобалар бойынша сериясының нөмірі)

жоба бойынша жүзеге асырылды.

5. Жобалау-сметалық құжаттама 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

---

(тұтастай объектіге құжаттаманы бекіткен ұйымның атауы)

бекітілген.

6. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:

жұмыстың басталуы \_\_\_\_\_;

(айы және жылы)

жұмыстың аяқталуы \_\_\_\_\_

(айы және жылы)

7. Жұмыс комиссиясына мынадай құжаттамалар ұсынылды: \_\_\_\_\_

(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

Көрсетілген құжаттар осы актінің міндетті қосымшасы болып табылады.

8. Объектінің мынадай көрсеткіштері бар: \_\_\_\_\_

(куаты, өнімділігі, өндірістік алаңы, ұзындығы, сыйымдылығы және т.б.)

9. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мынадай деректермен сипатталады: \_\_\_\_\_

(жоспарлау, қабаттар, негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

10. Жабдық жұмыс комиссиялары жеке сынақтан және кешенді байқаудан өткеннен кейін (актілер тізбесі осы актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген) оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылды:

жоба бойынша \_\_\_\_\_ бірлік;

нақты \_\_\_\_\_ бірлік.

11. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар \_\_\_\_\_

(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген.

12. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша сметалық құны:

барлығы \_\_\_\_\_ мың теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж

жұмыстары: \_\_\_\_\_ мың теңге, жабдықтар, құралдар мен

құрал-саймандар \_\_\_\_\_ мың теңге.

Жұмыс комиссиясының шешімі \_\_\_\_\_

—  
(объектінің атауы)

Бас мердігерден ҚАБЫЛДАНДЫ және Мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсынуға дайын ДЕП САНАЛСЫН.

Жұмыс комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Жұмыс комиссиясының мүшелері:

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 15 қазандағы  
№ 1328 қаулысымен  
бекітілген

Нысан

## Қабылдау комиссиясының актісі

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.02 № 1277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.06.29 № 880 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

\_\_\_\_\_ қ. 200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіммен тағайындалған  
қабылдау комиссиясы \_\_\_\_\_

—  
(қабылдау комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымның атауы,  
тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

құрамында:

комиссия төрағасы-тапсырыс берушінің (инвестордың, құрылыс салушының) өкілі \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

комиссия төрағасының орынбасары – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының өкілі \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

комиссия мүшелері - өкілдер:

бас мердігер \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас жобалаушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы жобалаушылар \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

жергілікті атқарушы мемлекеттік сәулет және қала құрылысы органдары

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік санитарлық-эпидемиялогиялық қадағалау органдары \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік өртті қадағалау органдары \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

пайдаланушы ұйымдар \_\_\_\_\_

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

пайдалануға берілетін объектінің бейініне (мақсатына) қарай басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

—  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер \_\_\_\_\_

—  
(ұйымның атауы және оның ведомстволық бағыныстылығы)

салынған объектіні \_\_\_\_\_

—  
(объектінің атауы, оның орналасқан жері немесе мекенжайы)

пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Құрылыс 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(шешім шығарған органның атауы)

шешімнің (қаулының, өкімнің, бұйрықтың) негізінде жүргізілген.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын өндіруге 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ рұқсат.

(рұқсат берген органның атауы)

3. Құрылысты \_\_\_\_\_

(жұмыстар түрлерін)

орындаған бас мердігер \_\_\_\_\_

(жұмыстар түрлерін)

және орындаған қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

(ұйымдардың атауы)

жүзеге асырды.

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын

(жобалау ұйымдарының атауы)

әзірленген.

5. Құрылыс \_\_\_\_\_

(жобаның нөмірі, сериясының нөмірі (үлгілік жобалар бойынша)

жоба бойынша жүзеге асырылды.

6. Жобалау-сметалық құжаттама 20\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(тұтастай объектіге жобалау-сметалық құжаттаманы бекіткен ұйымның атауы

)

бекітілген.

7. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:

жұмыстың басталуы \_\_\_\_\_;

(айы және жылы)

жұмыстың аяқталуы \_\_\_\_\_

(айы және жылы)

құрылыстың ұзақтығы, ай:

норма бойынша немесе құрылысты ұйымдастыру жобасы бойынша \_\_\_\_\_

нақты \_\_\_\_\_

8. Қабылдау комиссиясына мынадай құжаттамалар ұсынылды:

(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

9. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, кіре мүмкіндігі, жұмыс орындары саны және с.с. негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі

Бастапқы кезеңде жобалық қуатты игеру нормаларына сәйкес жобада көзделген көлемде өнім шығару (қызмет көрсету) \_\_\_\_\_

(көлемін көрсете отырып, өнімдерді шығарудың нақты басталуы)

Пайдалануға қабылдауға ұсынылған тұрғын үйдің мынадай көрсеткіштері бар

:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңдар	м <sup>2</sup>		
Қабаттар саны	қабат		
Құрылыстың жалпы көлемі	м <sup>3</sup>		
Оның ішінде жер асты бөлігі	м <sup>3</sup>		
Жапсарла салынған, жапсарлас-жанаса салынған және жанаса салынған үй-жайлар	м <sup>2</sup>		

Көрсеткіштер	Жоба бойынша			Нақты		
	пәтер саны	Пәтер алаңы, м <sup>2</sup>		пәтер саны	Пәтер алаңы, м <sup>2</sup>	
		жалпы	тұрғын		жалпы	тұрғын
Барлық пәтер, оның ішінде:						
бір бөлмелі						
екі бөлмелі						
үш бөлмелі						
төрт бөлмелі және одан көп						

10. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімі мынадай деректермен сипатталады:

(негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және техникалық жабдықтар бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

11. Жабдық оны қабылдау туралы актіге сәйкес (актілер тізбесі осы актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген) орнатылған:

жоба бойынша \_\_\_\_\_ бірлік;

нақты \_\_\_\_\_ бірлік.

12. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар \_\_\_\_\_

(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген.

13. Суық су және ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтау және байланыс сыртқы коммуникациялары ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қалалық пайдалану ұйымдары қабылдаған. Қалалық пайдалану ұйымдары анықтамаларының тізбесі актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген.

14. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:

барлығы \_\_\_\_\_ мың теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: \_\_\_\_\_ мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар \_\_\_\_\_ мың теңге.

Қабылдау комиссиясының шешімі

Қабылдануға ұсынылған

\_\_\_\_\_ (объектінің атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Қабылдау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)



Нысан

**Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі**

Ескерту. Акт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.02 № 1277 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(объектінің орналасқан жері)

\_\_\_\_\_  
(комиссияны тағайындаған органның атауы)

\_\_\_\_\_  
200 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ шешімімен (бұйрығымен, қаулысымен және т.б.) тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясы мына құрамда:

төраға – жергілікті атқарушы органының өкілі (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде комиссия тағайындаған мемлекеттік басқару органның өкілі төрағаның болып тағайындалады) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

төрағаның орынбасары – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органының өкілі (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде бас жобалау ұйымның өкілі төраға орынбасары болып тағайындалады)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

комиссия мүшелері - өкілдер:

тапсырыс беруші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

пайдаланушы ұйымдар \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас мердігер \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас жобалаушы (тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде) \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы жобалаушылар (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде) \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде) \_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары \_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті мемлекеттік орган (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдаған кезде) \_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

**АНЫҚТАДЫ:**

1. Тапсырыс беруші (мердігермен бірлесіп) \_\_\_\_\_

---

(ұйымның атауы)

— (облыс, аудан, елді мекен, шағын аудан, орам, көше, үйдің (корпустың) нөмірі)

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша

— (объектінің атауы және құрылыстың түрі (жаңадан салу, кеңейту, қайта жаңарту,

— техникалық қайта жарақтандыру) \_\_\_\_\_ пайдалануға қабылдауды ұсынды

2. Құрылыс 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(шешім шығарған органның атауы)  
жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің (қаулының, өкімнің) негізінде жүргізілген және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге

\_\_\_\_\_ (рұқсат берген органның атауы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ рұқсаты.

3. Құрылысты \_\_\_\_\_

(жұмыстар түрлері)

орындаған бас мердігер \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

және орындаған қосалқы мердігер ұйымдар \_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

---

---

(ұйымдардың атауы, әрбір ұйым (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі) орындаған жұмыстың түрлері) жүзеге асырды.

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын \_\_\_\_\_  
(ұйымның атауы)

---

орындаған бас жобалаушы \_\_\_\_\_

---

(құжаттамалардың бөліктерінің немесе бөлімдерінің атауы)  
орындаған қосалқы мердігер жобалаушы ұйыммен \_\_\_\_\_

---

(ұйымның атауы, орындалған құжаттама бөлімдерінің немесе тарауларының атауы (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің... қосымшасында көрсетіледі) әзірлеген.

5. Жобалауға арналған бастапқы деректерді берген \_\_\_\_\_

---

(ғылыми-зерттеу және іздестіру ұйымдарының атауы, бастапқы деректердің тақырыбы (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі)

6. Құрылыс \_\_\_\_\_  
(жобаның нөмірі, серияның нөмірі)

жобасы (үлгі, жеке, қайта қолданылған) бойынша жүзеге асырылған.

7. Жобалау-сметалық құжаттамасын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(объектіге (кезегі, іске қосу кешені) арналған құжаттаманы бекітуші  
(қайта бекітуші) органның атауы)

\_\_\_\_\_ 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_ бекіткен.

8. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:

жұмыстың басталуы \_\_\_\_\_

(айы және жылы)

жұмыстың аяқталуы \_\_\_\_\_

(айы және жылы)

құрылыстың ұзақтығы, ай:

норма бойынша немесе құрылысты жобалау ұйымы бойынша \_\_\_\_\_

нақты \_\_\_\_\_

**РҚАО-ның ескертпесі!**

9-тармақ 2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі.

9. Мемлекеттік қабылдау комиссиясына мына құжаттамалар ұсынылды:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

**РҚАО-ның ескертпесі!**

10-тармақ 2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі.

10. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, кіре мүмкіндігі, жұмыс орындары саны және с.с. негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі

Бастапқы кезеңде жобалық қуатты игеру нормаларына сәйкес жобада көзделген көлемде өнім шығару (қызмет көрсету) \_\_\_\_\_

(көлемін көрсете отырып, өнімдерді шығарудың нақты басталуы)

Пайдалануға қабылдауға ұсынылған тұрғын үйдің мынадай көрсеткіштері бар

:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңдар	м <sup>2</sup>		
Қабаттар саны	қабат		
Құрылыстың жалпы көлемі	м <sup>3</sup>		
Оның ішінде жер асты бөлігі	м <sup>3</sup>		
Жапсарла салынған, жапсарлас-жанаса салынған және жанаса салынған үй-жайлар	м <sup>2</sup>		

Көрсеткіштер	Жоба бойынша			Нақты		
	пәтер саны	Пәтер алаңы, м <sup>2</sup>		пәтер саны	Пәтер алаңы, м <sup>2</sup>	
		жалпы	тұрғын		жалпы	тұрғын
Барлық пәтер, оның ішінде:						
бір бөлмелі						
екі бөлмелі						
үш бөлмелі						
төрт бөлмелі және одан көп						

11. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мына деректермен сипатталады: \_\_\_\_\_

(негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар

бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

12. Объектіде жобада көзделген, жеке сынағаннан және кешенді байқап көргеннен кейін оны қабылдау туралы актілер (көрсетілген актілердің тізбесі осы актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында берілген) сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған.

13. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар \_\_\_\_\_

(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген.

14. Суық су және ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтаудың және байланыстың сыртқы коммуникациялары ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қалалық пайдалану ұйымдары қабылданған. Қалалық пайдалану ұйымдары анықтамаларының тізбесі актінің \_\_\_\_\_ қосымшасында келтірілген.

15. Көгалдандыру, ғимараттарға, жаяу жолдарға, шаруашылық, ойын және спорт алаңдарына кірме жолдардың бетін жабу жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ ғимараттардың қасбетін әрлеу элементтері орындалуы тиіс:

Жұмыстың түрлері	Өлшем бірлігі	Жұмыстың көлемі	Орындалу мерзімі

16. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:

барлығы \_\_\_\_\_ мың теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: \_\_\_\_\_ мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар \_\_\_\_\_ мың теңге

17. Пайдалануға қабылданатын негізгі қорлардың сметалық құны: \_\_\_\_\_ мың теңге, оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары \_\_\_\_\_ мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар \_\_\_\_\_ мың теңге.

18. Объектіні тексеру және тиісті құжаттамалармен танысу негізінде: технологиялық \_\_\_\_\_

(тұрғын үйлер бойынша толтырылмайды)

сәулет-құрылыс (көлем-жоспарлық және материалдар мен конструкцияларды қолдануды қоса алғанда) шешімнің озықтығына баға берілді.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімі:

Қабылдануға ұсынылған \_\_\_\_\_

(объектінің атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Мемлекеттік қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)